

ISSN 1563-0323
Индекс 75878; 25878

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ

Филология сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК

Серия филологическая

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

EURASIAN JOURNAL

of Philology: Science and Education

№2 (178)

Алматы
«Қазақ университеті»
2020

<i>Dzhalamova Zh.B., Dzholdasbekova B.U.</i> New moral rituals in the prose of M. Zemskov		
<i>Мамедова К.</i> Поэтические особенности творчества Сары Ашуга.....		
<i>Күркебаев К.К., Қалиакпар Д.Қ.</i> Ноғайлы дәуірі эпостық шығармаларының лексикалық сипаты		
<i>Мамедова Х.</i> История исследования фольклорного мотива чудесного рождения		
<i>Пангереев А.Ш., Қожабекова Ж.Қ.</i> XIX-XX ғасырлардағы Ақтөбе өңіріндегі айтыстарындағы ұлттық идея.....		
<i>Касумова С.</i> Бекир Чобанзаде и фольклор тюркских народов		
<i>Сейітжанов З.Н., Мекебаева Л.А., Рамазанова Ш.А., Шортанбаев Ш.А.</i> Бата сөздерінің жанрлық табиғаты.....		
<i>Уразаева К.Б., Рысмаганбетова Г.Д.</i> «Религия души» Шакарима. Три лика «Возлюбленной»		
<i>Ыбырайқызы Г.</i> Оралхан Бөкейдің «Сайтан көпір» повесіндегі автор бейнесінің парадигмасы		

2-бөлім
Тіл білімі

Section 2
Linguistics

Раздел 2
Языкознание

<i>Аитова Н.Н., Мұсалы Л.Ж.</i> «Туу», «біту», «жаралу/жаратылу» етістіктері: лексика-грамматикалық сипаты, валенттілігі (Абай шығармалары материалдары негізінде)		
<i>Газиева А.</i> Различные подходы к проблеме заимствования терминологии путем калькирования.....		
<i>Жутаева А.К., Ержанова С.Б.</i> Қазіргі қазақ поэзиясындағы когнитивтік ұғымдар.....		
<i>Исаева Х.М.</i> Развитие текста: актуальное членение и тематическая прогрессия.....		
<i>Kulzhanova B.R., Imangazina M.A.</i> Thematic and lexical paradigm of taboo in the Kazakh language		
<i>Сағындықұлы Б., Аманжанова Ж.Е.</i> Зат есімнен жасалған синонимдердің семантикалық және қолданыстық реңктері		

А.К. Жутаева , С.Б. Ержанова 

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail:assel.zhutayeva@gmail.com; esb72@mail.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КОГНИТИВТІК ҰҒЫМДАР

Мақалада қазіргі қазақ поэзиясындағы когнитивтік ұғымдар ерекшеленіп, ақынның философиялық танымы мен психологиялық көңіл-күйі, эстетикалық ойы айқындалады. Поэзия астарындағы ұғымдар мәні ашылып, ақын санасында кодталған бейнелер кеңінен сараланады. Сол тұрғыда біз когнитивизм, когнитивті ұғымдар, поэзияда көрініс алатын когнитивті аспектілерді басшылыққа ала отырып, Е. Раушанов, М. Райымбекұлы, Ж. Елеусіз өлеңдеріне шолу жасаймыз.

Қазіргі қазақ поэзиясындағы таным мәселесінде тілдік тұлғалар арқылы санада бейнеленетін көріністердің барлығы когнитивті ұғымдардың қатарын құрайды. Мән мен мағына жеке ажыратылатын концептілік ерекшеліктер, ақын санасында кодталатын ұғымдардың ерекшеліктері зерделенеді. Поэзиядағы постмодернизм белгілері қазіргі ақындарпоэзиясында түрлі детальдар арқылы көрініс беріп, өлең құрылымы өз алдына өзгеріске ұшыраған. Поэзияның астарындағы ой мен автор жеткізгісі келген негізгі идея басқаша тәсілмен оқырманға жол тартады. Поэзиядағы тілдік бірліктердің формаға сай жасақталуы бүгінгі әдебиетке жаңалық әкелді. Когнитивті ұғымдардың кеңінен көрініс тауып, авторлардың ойды басқаша формада бере алуы бүгінгі әдебиетте жиі кездеседі. Әсіресе, қазіргі қазақ поэзиясының даму үдерісінде проза да, поэзия да жаңашыл ізденістерге толы. Мақала барысында қазіргі қазақ поэзиясындағы осы мәселелердің жай-күйі қарастырылып, қазіргі ақындардың шығармашылығы сараланады.

Түйін сөздер: когнитивизм, концепт, метафизикалық концепт, тілдік модель, эстетикалық ой.

A.K. Zhutayeva, S.B. Yerzhanova

al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,
e-mail:assel.zhutayeva@gmail.com; esb72@mail.ru

Cognitive concepts of modern Kazakh poetry

The article highlights the cognitive concepts of modern Kazakh poetry, defines philosophical knowledge, psychological attitude and aesthetic thoughts of the poet. Coded pictures in the poet's mind are also studied and the meanings of poetic subtexts are revealed. The authors analyzed the works of E. Raushanov, M. Raiymbekuly, and J. Eleusiz, where guided by the concepts of cognitivism and manifested cognitive aspects in poetry.

In contemporary Kazakh poetry, in matters of cognition, all the manifestations that appear in consciousness, through linguistics personalities, make up a number of cognitive concepts. The conceptual features of the intention and meaning considered separately, and the features of encoded concepts in the poet's mind are studied. The signs of postmodernism in the poetry of modern poets appear with different details, and the structure of the poem has changed completely. The significant meaning and idea of the author, which wants to convey to the reader, is transmitted in a different way. The formation of linguistic units in poetry in form led to a discovery in modern literature. The frequent use of cognitive concepts and the ability of authors to convey ideas in a different form are common in modern poetry. Especially, in the process of development of modern Kazakh poetry, both prose and poetry are full of innovative searches. The article deals with these problems of modern Kazakh poetry, analyzes the work of modern poets.

Key words: cognitivism, concept, metaphysical concept, language model, aesthetic thought.

А.К. Жутаева, С.Б. Ержанова

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,
e-mail:assel.zhutayeva@gmail.com; esb72@mail.ru

Когнитивные понятия современной казахской поэзии

В статье выделяются когнитивные понятия современной казахской поэзии, определяются философские познания, психологический настрой и эстетические мысли поэта. Также изучаются закодированные картинки в сознании поэта и раскрываются смыслы поэтических подтекстов. Руководствуясь понятиями когнитивизма и проявившихся в поэзии когнитивными аспектами, авторы проанализировали произведения Е. Раушанова, М. Райымбекұлы, Ж. Елеусиза.

В современной казахской поэзии в вопросах познания все проявления, проявляющиеся в сознании, через языковые личности составляют ряд когнитивных понятий. Изучаются концептуальные особенности, рассматривающийся в отдельности значение и смысл, особенности кодируемых понятий в сознании поэта. Признаки постмодернизма в поэзии современных поэтов проявляются с различными деталями, а структура стихотворения изменилась вовсе. Основной смысл и идея автора, которого хочет донести до читателя, передается иным путем. Формирование языковых единиц в поэзии по форме привело к открытию в современной литературе. Частое использование когнитивных понятий, способность авторов передать идеи в иной форме часто встречаются в современной поэзии. Особенно в процессе развития современной казахской поэзии и проза, и поэзия полны новаторских поисков. В статье рассматриваются данные проблемы современной казахской поэзии, анализируется творчество современных поэтов.

Ключевые слова: когнитивизм, концепт, метафизический концепт, языковая модель, эстетическая мысль.

Кіріспе

Поэзия – өнер туындысы, ақын шабыты. Ал осы өнер туындысының құрылымдық композиция ерекшеліктерін зерттеу, ішкі қатпарынабарлаужасайотырып, ақынсанасының өлеңдегі көрінісін, сөз қолданудағы шеберлігін, образды сөз астарындағы философиялық және эстетикалық ойды білдіре алу қабілетін поэтика қарастырады. Поэзиялық шығармалардың басым көпшілігінде белгілі бір фабулаға құрылған сюжет болмағандықтан, өлеңнің айтқысы келген негізгі мағынасы мен мәні, оқырманға жетер мазмұны поэзияның поэтикалық сөзінде және ақын қолдана алған ерекше ұғымдардың астарында болады. Біз поэзияны талдаған тұста мән мен мағынаны ажыратып жатамыз. Кез келген ақынның жеке кредосын, оның ақындық лабораториясын, сонымен қатар таным мен түйсік мәселесін, сана мен философиялық ой мәселесін де қарастыруымыз қажет. Осы орайда біз когнитивизм, когнитивті ұғымдар, поэзияда көрініс алатын когнитивті аспектілерді басшылыққа алуымыз керек.

Когнитивизм – адамның ой-санасы мен таным-түйсігі, дүниені көре отырып, қабылдау ерекшелігіне қарай негізделген менталды және интеллектуалды процестерді зерттейтін ғылым. Адам санасы, танымы күніне мыңдаған ақпарат алмасады. Сол ақпараттың негізгі бірлігі – сөз. Ол санада кодталады. Адам өз

ойында кодталып яки өз танымында таңбаланған дүниені өзінің ойлау қабілеті, алған эстетикалық әсері, түйсінген философиялық ойының ерекшелігіне орай сана көрінісінің негізінде бейнелейді. Осы бейнелену негізінде когнитивті ұғымдар пайда болады. Когнитивті ұғымдарды жіктеу барысында когнитивті талдау процесіне жүгінеміз. Бүгінгі таңда әдебиеттану ғылымында поэзияны, прозаны, тіпті болмағанда драманы талдау осы бағытта жүзеге асып жүр. Когнитивті аспектілерді қарастыра отырып, когнитивті талдау лингвистикада біршама қарастырылғанымен, талдау тәжірибесі көркем мәтін негізінде жүзеге асады. Ал көркем мәтін – әдебиеттің бір бөлшегі.

Эксперимент

Кез келген көркем мәтінді когнитивті талдау барысында бірнеше ұғымдарды жекелей қарастырып алуымыз керек. «Когнитивтік терминдердің қысқаша сөздігінде» концепт, концептосфера, философиялық мән, эстетикалық ой, микроконцепт, макроконцепт, эмоция, тілдік модель сынды терминдер жақсы түсіндірілген. Аталғандардың барлығы дерлік когнитивті талдауда, ұғымдарды ажыратқанда үлкен рөл атқарады. Жоғарыда айтып өткеніміздей зерттеушілер яки ғалымдар когнитивті талдау үшін кез келген мәтінді басшылыққа ала алмайды (Kratki slovár kognitívnyh terminov, 1996: 24).

Мәтін сипаты ой мен таным, сана мен түйсік, философия мен психологияға негізделген көркем үлгіде болуы шарт. Когнитивті ұғымдарды ажырату үшін ақын яки жазушы санасындағы менталдық психикалық ресурстардың бірліктерін түсініп, мәтін авторының психикасында таңбаланып бейнеленген, соған сай көркем мәтінде ерекше жүйемен көрініс алған мазмұндық бірліктерді ерекшелей алуымыз қажет. Біз де бүгінгі талдауымыздың негізгі мәтіні ретінде басшылыққа қазіргі қазақ поэзиясын, соның ішінде Есенғали Раушанов, Светқали Нұржан, Тыныштықбек Әбдікәкімұлы, Ақберен Елгезек, Жанна Елеусіз, Әмірхан Балқыбек, Маралтай Райымбекұлы, Алмас Темірбай, Ерлан Жүніс сынды ақындардың поэзияларын көркем мәтін ретінде басшылыққа алып, оларда кездесетін когнитивті ұғымдарды саралаймыз. Концепт, оның әр адамның жеке танымына сәйкес ұғым беруі күрделі құбылыс. Себебі тілдік санада қалыптасып, көрініс беретін кез келген ұғымның мәні жеке, мағынасы жеке ажыратылады. Әдебиет пен лингвистика бір-бірімен байланысты ғылым салалары. Оларға ортақ дүние – сөз. Сөздің мағынасының тілдік санаға қарай бейімделіп, оны қабылдаушының дүниетанымы негізі де поэзияның жаңа қырының бір көрінісі ретінде қарастырылады (Orazalieva, 2007: 312). Поэзияның қыр-сырына үңіліп, оның мазмұнын жан-жақты талдауда лингвистикаға назар аударамыз. Тілдік тұлғалардың еншісіндегі стратегиялар мен тактикалар өлең құрылысына да арқау болып, оның мазмұндық ерекшелігін айқындау үшін қызмет атқарады. Соның ішінде фразеологизмдердің көнеленуі, көне сөздер арқылы жаңа мағына үстеу сынды әдістер поэзия шеңберінен кеңінен көрініс алуда. Бұл тілдік бірліктердің поэзия арқылы көрініс беруі нәтижесінде көрінеді. Әсіресе, бүгінгі қазақ әдебиетінде когнитивті ұғымдарды мазмұндық тұрғыда қолдана білу жаңашыл ізденістің жемісі (Nurdáuletova, 2011: 312).

Нәтиже мен талқы

Қазіргі қазақ поэзиясы – сюжеттік мазмұннан бұрын ақын философиясындағы таным иірімдерін негізге алады. «Поэзия – ұлы жұмбақ» – дейді Достоевский. Расында, поэзияның жұмбақтығы ақынның поэтикалық потенциалының деңгейіне, психологиялық ойын шеңберін сызудағы шеберлігіне, жалпы таным мен жеке танымды бір-бірімен ұштастыра отырып, формалық және мазмұндық қалыпты сақтай

алу дәрежесіне, нақты элементтер мен аралас элементтерді, деталь мен штрихтік негіздерді тереңнен игере отырып өлеңнің ішкі және сыртқы мінезін, яғни характерін аша алуына тікелей байланысты (Zadornova, 1992: 124-126). Жоғарыда аталған поэзия жұмбақтығын ашу үшін ғылымда когнитивизм сынды пәнаралық ғылымның қарқынды даму үстінде екендігін де айтып өттік. Ендеше қазіргі қазақ поэзиясының өлеңдерін танымға қарай саралап, когнитивті ұғымдардың ақын өлеңдерінде көрініс беруіне жекелей тоқталайық. Тәуелсіздік алғаннан бері қазақ поэзиясының арнасы кеңінен ашылды. Соның алдыңғы қатарынан Есенғали Раушановтың ақындық әлеміне тоқталып, ақын жанының жұмбақ әлемі мен терең философиясына үңілейік.

Көркем гүл көрсе қонақтай,
Көбелек бекер мәз бопты.
Бөгелек қаққан торы аттай,
Бөгелмей өтіп жаз кетті.
Тағы бір жазға қысқарды,
Талайсыз ғұмыр тарығып,
Тағдыр дейтұғын мыстанды,
Жібіткен бар ма жалынып.
Бақ дейтін құсты қайтарып,
Қондырған бар ма қолына?
Өсер ме гүлдер жайқалып,
Тікенек біткен жолыма.
Қол-аяғымды тең шырмап,
Төбемнен кәрі төніп құз.
Қу мыстан ойнап, мен шындап,
Талай да жерге келіппіз.
Шынымен тегі өтпей ме,
Қарғысы қайда, қайда ұшты?
«Шаршатсам, кешір» деп кейде,
Аяп та кетем байғұсты.
Өмірзая ұлмын мен де бір,
Төзімі құрыш көктемір.
Өгей шешенің өрмегін,
Үзе қашатын жетпегір.

Ақын Есенғали Раушановтың бұл өлеңін толықтай алуымыздың басты себебі – өлең тақырыптық-жанрлық қырынан бөлек, ұлттық болмыс пен ұлттық мінез, дүниетанымдық ой ерекшелігін толықтай қамтыған. Когнитивті аспектілерді қарастырып, ұғымдарды ажыратқан тұста ақын Есенғалидың элегиялық стильдегі «сигналдық белгілерін» (Piñ, 2001: 6) оңай көруге болады. «Бөгелек қаққан торы аттай», «өмірзая ұл», «өгей шеше өрмегі», «қу мыстан», «тағдыр дейтұғын мыстан» сынды тіркестердің

астары ақынның поэзия әлеміндегі әдебиеттік штампын айқын көрсетіп тұр. Өмірдің өтуі мен адам тағдырының сол өмірге қарай икемделуін автор жалпыға ортақ авторитарлы көзқараспен емес, керісінше, қазаққа тән ұғым штрихтарымен бейнелеген. Есенғали өлеңдері – көп компонентті құбылыс. Ол поэзияның бір ғана соқпағымен жүрмей, өзінің ақындығын түрлі соқпақпен таныта отырып дамыта алған ақын. Есенғали өлеңдерінде психология мен философия параллель көрініс береді. Әр тармақта философиялық мән мен астар болса, персонаждық яғни кейіпкер көңіл-күйі психологияның негізінде бейнеленеді.

Мен оянам ұйқымнан мүлгі беріп,
Кілт тоқтаған секілді сырғи келіп.
Жылан – менің тарихым!
Түсімде де
Қылғындырып орайды ол ылғи келіп.

Ақынның бұл өлең үзіндісінен примитивизацияланған бейне «жылан» бейнесі визуалды түрде елестейді. Есенғали өлеңдерінде қасқалдақ, жылан, қаракөк айғыр, құла тай, сәйгүлік, ақсұңқар сынды бейнелер образды яғни кейіпкерді жанама түрде астарлы суреттейді. Сонымен қатар когнитивизмнің бір бөлшегі концепт те ақын шығармашылығында молынан кездеседі. Әсіресе метафизикалық құбылыстар ақын өлеңдерінен жиі көрініс табады. Есенғали уақыт шеңберін дәл анықтап, пайымының тереңдігін, ішкі толғанысы мен образдың қозғалысы мен әрекетін, сезімнің нәзік иірімдерін оқырманға жақсы жеткізеді.

Қазіргі қазақ поэзиясында өзіндік орны бар келесі ақынымыз – Маралтай Райымбекұлы. Ақын поэзиясы – атадан қалған аманат пен бүгінгінің бейнесін қатар ұштастыра алған өлеңдердің қатарына жатады. Маралтай поэзиясының әр жолы ақынның өзіндік тылсымы мен ойдың көркемдігінен тұрады. Маралтай ақынның өлеңдерін когнитивті тұрғыда талдау барысында ол жердегі философиялық мәнді ашуымыз керек. Ақынның санасында кодталған, танымындағы мәдени концепт, яғни мәдени код ескі мен жаңа ұғымдардың бір-бірімен астаса алуы. Маралтай өз өлеңінде түркі сарынымен қатар жыраулардың дәстүрін және бүгінгінің де айшықты ойларын үйлестіреді. Ақынның өлеңдерінің қыр-сырына бойлау үшін ақынның өзі болып сезіне алуымыз керек. Кез келген оқырман үшін бұл өте күрделі. Себебі Маралтай бір жерде ішкі сезімін діни сенімімен көрсетсе,

бір өлеңінде қазақтың ескілік ұғымдарын жаңғырта отырып, ұлттық бояумен көрсетеді. Ал енді бірде Батыс пен Шығыстың мифтік персонаждары арқылы бейнелейді. Ақын танымы мен қиялы ұштасқан поэзияда қазіргі қазақ поэзиясының үлкен жаңалығы болғаны да белгілі. Себебі Маралтай поэзиясында когнитивизмнің бір саласы стереотипті мәселе, яғни стереотипті ситуация көп кездеседі. Ақын жеке танымын көрсете отырып, жалпы танымға ортақ мәселені қамтиды. Өлеңдеріне ұлттық өң беріп қана қоймай, әр тармағына философиялық мағынаны қоса үйлестірген.

Қара түн құлайды бауырына ап даланы,
Күрең нұр көкжиек көзінде мелдеп тұр.
Аққан қан сияқты.
Жұлдыздар қаралы, ғаламның бетінде жаралы
Жұмыр жер адасып барады.
Күрең нұр көкжиек көзінде сырғанап
Өшеді.
Өлген – ол үміті Алланың,
Азалы сияқты.
Сайтандар тұр қарап, ібіліс төсіне гүл қадап,
Пенделер иманын ұрлап ап!
Бұл сәтті суреттеу – қан жұтып айтатын қасірет,
Мен – түссіз ферзімін ақ, қара шаршыда
Сенделген көлеңке сияқты,
Ой ұстар басы жоқ.
Ақ нөсер құюда Иемнің жасы боп.
Атпайды таң енді, шықпайды Күн көкке,
Ырғағы бұзылған әуендей.
Іші өрт сияқты.
Абылдар кірмеген дүрмекке,
Қабылдар ие еді құрметке,
Мақшардың таны ертең!
Дірдекте, ал дірдекте.
Менің де, Сенің де сөздерің күмәнді,
«Адамзат баласы зиянда, ғапыл әм...»
Ертегі сияқты.
Ертеңім тұманды, артым – от,
Кеш, кешпе күнәнді,
Алған – мен, берген – Сен едің ғой Құранды.
Жұмыр жер адасып барады,
Қолында Құраны

«Сентиментальды құбылыс» атты бұл өлеңнен ақынның танымы мен эмоциясын айқын аңғарамыз. Тақырыптың өзінен ақын бойындағы жай-күйді ұғынып, астарлы ұғым мен жансыздан жандыға айналған ақын картиналарын оңай көруге болады. Когнитивизмнің бір бөлшегі концептілерді өлең жолдарынан іздеген тұста, Маралтайдың аталмыш по-

эзиясында метафизикалық концептілер жиі кездеседі. Концепт көп компонентті құбылыс екенін ескере болсақ, Маралтайдың қолданған метафизикалық концептілері (Grisanov, Mojaiko, 2001: 467) сезіну әрекеті арқылы рухани дүниесінің есігін оқырманға айқара ашқан. Адам тәжірибесі арқылы ғана танып білуге болатын құбылысты дамыту барысында ғана түсінуге болатын ұғымдарды көзбен көріп, қолмен ұстап тану мүмкін емес. Сондықтан философиялық мәні басым, адамның қажеттілігін өтейтін абстрактілі ұғымдарды нақты тұрақталған дефинициялармен танытуға болмайды. Адам қалай сезімдік тұрғыда сезінеді, ішкі эмоциясы мен сыртқы сезімі қалай үндеседі, содан алған әсері арқылы танытады (Амірбекова, 2006: 124-125). Поэзияда, соның ішінде Маралтай поэзиясында метафизикалық концептілер жиі кездеседі. Концепт жеке адамның ғаламды өз таным деңгейінде танып білу ерекшелігі десек, Маралтай поэзиясында қайғы, қуаныш, өкініш концептілері эмоционалдық, мәдени және көркем концептілердің барлық белгілерін иемденіп, ақын ойының таразысында сараланған. «Қара түн» мен «күрең нұр» ақынның көңіл-күйінің ауыр астарын, мұңның бейнесін суреттесе, қаралы ғалам мен жаралы жұлдыз, азалы әлем, адасқан жұмыр жер де ақын әлеміндегі уайым, келешекке деген сенімсіздікті көрсетеді. Өлеңде адамзат пен Жаратқан арасындағы байланыс суреттеледі де, ақын күрес психологиясын ашады. Ібілістің төсіне гүл тағуы, Иеміздің жасының ақ нөсер болып көрініс беруі, жұмыр жердің адауы – Маралтай философиясының астарындағы психологиялық көңіл-күй. Ақынның эстетикалық әсері діни сенімнің фрагменттері арқылы суреттелген. Маралтайдың жырында жаңа дүниесезім бар. Оның дауысы – биік деңгейдегі жеке дауыс. Сол жеке дауыс артынан жаңғырық шығып тұрады. Ал ол жаңғырық күллі қоғамның дауысы іспетті. Маралтайдағы ішкі тылсым дінмен, көне түркілік мифтік ұғымдармен астасып жатады. Адам-ат метаморфозасы тұрғысында автордың «Кентавр» өлеңі де осының айқын көрінісі. Жылқытұрпат – гиппоморфизм екендігін ескерер болсақ, Маралтайдың Кентавры – қос мағыналы, символдық астарда бұл – рухтан үстем түскен нәпсі. Ақын танымына үңілер болсақ, кісі бейнелі, тарпаң жүректі бейне – автордың өзіндік лирикалық «мені». Ақын көп өлеңдерінде «менін» ұлттық менталитетке сай астарлайды. «Боздар болсам, мен боздайын ботадай», «Менің бөлтіріктерім – шетінен абдан» сынды тіркестердің өзінен ақын қолданған

қозғаушы күштік бейнелердің барлығы дерлік өзінің болмысын, мінезін ашатынын көреміз. Маралтай өз поэзиясында ескі мен жаңаны бір-біріне қарсы қоймайды, екеуінің қосындысынан толысқан, «құнарлы» дүниені сөз етеді. Өлеңдерінен ұлттық рухты аңғарғанымыздай, ақын астарлы түрде, когнитивті ұғымдардың негізінде қоғам мен адам, адам мен заман, заман мен қазақ арасындағы күрескерлік психологияны оқырманға өз философиясының шеңберінде дәлме-дәл, нақ жеткізеді (Gizdatov, 1997: 18-21). Қоғам бейнесі автор танымында прецеденттік феномендер арқылы суреттеледі. Біз оны ақынның «Зоологиялық терминдер» өлеңдерінен көре аламыз. Жануардың әрекеті арқылы оның астарына адам мінезін яки қоғам бейнесін көрсетуі – автордың ерекшелігін көрсетеді.

Аядай ғана айналып болмас жасымда,
Түлкіні көргем мәз болып күлген миықтан,
Қаншықты көргем қорқауларменен ұйыққан,
Қартайған шақта қиядан құлап өлетін
Қыранды көріп, көзінен сұмдық күй ұққам.
Бұлбұлды көргем көкектер үшін ұялған,
Есекті көргем тұлпардан озып сый алған.
Мегежін көргем ақылды туған бірегей,
Қарызға сұрап тауықтан титтей ми алған.
Борсықты көргем қарны мен мойны бір біткен,
Қанденді көргем пілдерді үріп үркіткен.
Күлейін десем, көзімнен қаным тамады-ау,
Қарғалар әлі ойнап жүр көкте бүркітпен.

«Әдебиет – метафизикалық құбылыс, таным үшін тартысатын мәңгіліктің майданы» – деп Мандельштам тұжырымдағандай ақынның сюжетсіз де поэтикалық потенциалын таныта алуы, прецеденттік феномендер арқылы персонажды асқақтатуы, оқырманымен психологиялық ойын арқылы қарым-қатынасқа түсе алуы – когнитивизмнің әдебиетте де кеңінен ашылып, даму үстінде екендігін аңғартады (Vinogradov, 1963: 26-33).

Қазіргі қазақ поэзиясының таным мен сана төңірегіндегі жаңалықтарын сөз етіп, олардың когнитивті аспектілерін әдебиет тұрғысында қарастырған тұста Жанна Елеусіздің поэзиясына тоқталмау мүмкін емес. Себебі элегиялық стильдегі «сигналдық белгілер» де, концептілік ұғымдар да, метафизикалық құбылыстар да ақын шығармашылығының басты белгілері. Жанна Елеусіздің өлеңдерінде «тағдыр», «өмір», «періште» концептілері жиі кездеседі. Бір өлеңінде өзі тағдырдың кейпін сомдаса, енді бірде тағдыр – автордың өлеңі. Жанна Елеусіздің

поэзиясы оқырманға жұмбақтығымен қызық, ақынның тылсыммен сырласа алуымен қызық. Оқырман Жаннаның поэзиясынан ақынның сырын, сезімін іздейді. Сөйте тұра өлеңнен өзімізді іздейтін, тіпті тауып алатын сәттер де болады.

Бір жол барын білгем –
өзге жолдардан.
Біреу барын – тым басқаша бәрінен...
Ол – биіктеу кісі салар қорғаннан.
Ол – бақытсыз Жүрегімен... Арымен...
Бір мұң барын білгем өзге бар мұңнан.
Біреу барын – Терең Өмір, Өлімнен...
Ол – бір Сәуле шыға бермес алдыңнан.
Ол – бір Тозақ түсе бермес көрінген...
Бұл соқпаққа көрінеді бөтен-шың.
Алла үнсіз.
Адам ділсіз.
ЖАН – қайда?
...сен, Жүрегім, не істей алар екенсің!
Ол – жазылып қойғаннан соң маңдайға.

Ақын Жанна Елеусіздің бұл өлеңіндегі «Ол» автор танымындағы жанды яки жансыз кейіпкер екендігін ажырату өте қиын. Біреу ақынның эмоциясының кейіпкерін адаммен бекітсе, енді біреу ақын шабытындағы өлең бейнесі деп түсінік келтіреді. Себебі өмір мен өлімнен терең, қорғаннан биік, жүрегімен және арымен бақытсыз бейненің түпкі тамыры – адамнан бұрын кеудені жарып шығар шабытты жыр жолдарына ұқсайды.

Жанна Елеусіздің келесі жыр жолдары да осының айқын көрінісі деп айта аламыз.

Ғашыққа толы ғалам.
Әйел боп – жаралаймын!
Қаламды қолыма алам.
Айнама қарамаймын...
Өмірдің көрмесінен
Жұлып ап ғұмырымды
кетсем ғой!
Ахматова бөлмесіне...
Өзімдей түні мұңды.
Өзімдей мұңы – жынды...
Жан еді Ол жалынды! Асқақ!
Менің де мұным батыл!
Суретін алып тастап.
Бейнемді іліп жатыр...
Билейтін.
Билеген де
Тағдыр ғой!
Кеш келемін.
Эх!..

Сені сүймегенде!
Білмеймін... Не істер едім?...
(<https://adebiportal.kz/kz/authors/view/2276>)

Ақын Жанна жырларында ешкімге ұқсамайтын тіркестер ойлап тауып, оны халық танымымен ұштастырып, әмбебап концептілерді бірегей концептілерге айналдырады. Мәселен, ақын шығармашылығында жиі кездесетін «тағдыр», «періште», «сезім» концептілері концептуалдық деңгейге көтеріліп, мынадай біртұтас дүние бейнесін жасайды: *тағдыр – өлең, періште – поэзия, сезім – өлеңге деген құштарлық*. “Жан қай жағдайда биіктейді? Кешірген сайын. Жерден не көрінсе соны іле берудің қажеті жоқ: жалған атақтар – оның қанатын ауырлатады...” “Кеуделердің ішінен Жан іздеген” ақын Ақтөбе аспанында жаңбыр боп жауып тұрады ара-тұра. Күллі әлемді шаң-тозаңнан тазартуға қабілетті мөлдір жырлар тасада қап қойып жүрмегенде, біздің де қоғам мұнтаздай боларма еді... Осылай деп ақын хақында ой тербеген оқырманның өзі Жанна өлеңдерінде ғана кездесетін құбылысты айшықтап тұрғандай әсер қалдырады (Жаманбаева, 1998: 140-151).

Жоғарыда келтірілген өлең жолдарының қай-қайсысы болмасын, әр тармағына жеке концепт бірліктерін көмкерген. Ақынның ішкі болмысы, табиғаты, нәзік сезімге толы иірімдері өлең арқылы оқырманға жетеді. Оқырман тек мазмұнмен шектелмеуі керек. Ақынның табиғатындағы көріктеуіш құралдардың қай жерде не үшін қолданғанын, не үшін теңеудің сол түрін өлеңге өрнек еткенін білуі шарт. Тілдегі инверсия, метафоралы аталымдар, шендестіру сынды құбылыстар әдеби талдаудың негізінде поэзия мәселесінде көбірек қарастырылып жүр. Қазіргі поэзиядағы Тыныштықбек Әбдікәкімұлының, Ерлан Жүністің қолданыс ерекшеліктері поэзия саласына тек мазмұн емес, сонымен қатар көркемдік таным ерекшеліктерін де дамытқан. Поэзия тек белгілі бір аспектілер төңірегінде ғана қарастыруға келмейтін дүние. Ол жерде тек мазмұн мен форма ғана бірікпейді. Автордың ішкі сезімдері, оны имплицитті яки эксплицитті тұрғыда беруі де аңғару керек құбылыстардың бірі. Ашық ой мен жасырын ойдың мәселелері үндесіп жатуы да мүмкін. Ақынның таным деңгейін оқырман аңағара бермейтіні секілді, ақын да оқырманның қабылдау деңгейін үнемі ұға бермейді. Бұл субъективті тұрғыда екі тараптың танымына тікелей байланысты болып келеді (Qasym, 2005: 300). Қазіргі қазақ поэзиясында ескілік ұғымдар кеңінен қолданысқа ие.

Модернист ақын ретінде танылған Жүмекен жырларында «қоңыр», «ұршық», «қария», «көң» сөздері жиі қолданылса, бүгінгі заманның пост-модернист ақындары да ескілік ұғымдарын өз танымдарының шеңберінде жаңа формада ұсынуда. Бұл орайда, этномәдени атаулар қазіргі поэзияда когнитивті ұғым ретінде қолданысқа ие. Қамшы, көген, жүген, киіз үй, сәукеле сынды этномәдени атаулар ақындардың шығармашылығында өзгеше мәнді үстеп, жаңаша формада танылған. Бұл әдеби талдау нысанында терең ізденісті қажет етеді (Манкеева, 2008: 353).

Қорытынды

Қазақ поэзиясында, соның ішінде тәуелсіздік алғаннан кейінгі поэзияның жан-дүниесінде үлкен өзгеріс, ірі сілкіністер бар. Тек мазмұн мен форманы ғана қамтымай әр ақын өз қолтаңбасын, поэзияға деген жеке кредосын таныта алған. Біз мақаламызда солардың бір жақты ғана көріністерін саралай алдық. Таным мен талғамға, санада кодталған түрлі ғаламдық немесе ақын санасындағы бейнелерге барымызша тоқталдық. Десе де бұл аздық етеді. Поэзиядағы когнитивті аспектілерді қарастыру оның шеңберіндегі дүниелерді түгел қамтуы керек. Ақын – жеке тұлға. Оның өз моральдық

қабылдау, түйсіну шеңбері бар. Сол шеңберде ол да өз шығармашылығында жаңа көзқарас арқылы тың дүниеге қол жеткізгісі келеді. Ғаламның бейнесін өз танымының нәтижесінде жасауға ұмтылады. Соның нәтижесінде, әдебиетте когнитивті ұғымдар терең зерттеуді, тың ізденісті қажет етіп отыр (Orazbek, 2002: 152).

Қазіргі қазақ ақындарының өлеңдерінің тілі – қазақ дүниетанымының ғаламдық бейнедегі көрінісін жасаушы әрі танытушы бірлік. Біздің Ақындардың шығармашылығының мәні үлкенді-кішілі зерттеу еңбектерінде толық ашыла қоймасы анық. Олардың өлеңдерін «уақыттан тумаса, уақытқа жетпейді» қағидасы тұрғысынан қарастыру орынды. Бүгінгі ақындардың поэзиясын ұғыну үшін әуелі «мән» мен «мағына» бірлігін ажырату қажет. Мағына айналадағы нәрсені, құбылысты тура сипаттайды да, мән лексикалық мағына уәжділігін сақтай отырып, олардың мазмұнын береді. Поэтикалық мәтіндерде мәнің қызметі зор. Тілдік тұлғаның мәтіндегі мәні нақты болмай, сөз де, мағына да, образ да «түсініксіз» сипат алады. Мән және оны құраушы тілдік бірліктердің арасындай іштей гармониялық үйлесім болуы шарт. Түптеп келгенде біз қарастырған когнитивті ұғымдар жоғарыда аталған ақындардың ұстанымынан, мақсатынан туындайды.

Әдебиеттер

- Краткий словарь когнитивных терминов. – М.: 1996. – 452 с.
 Оразалиева Э.Н. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы: ғылыми монография. – Алматы: Ан Арыс, 2007. – 312 б.
 Нұрдәулетова Б.И. Когнитивтік лингвистика: оқулық. – Алматы: Дәуір, 2011. – 312 б.
 Задорнова В.Я. Словесно-художественное произведение на разных языках как предмет лингвопоэтического исследования. дис. ... докт. филол. наук. – М., 1992. – 224-226 с.
 Ильин И.П. Постмодернизм от истоков до конца столетия: эволюция научного мифа. – М.: Интрада, – 158 с.
 Ильин И.П. Постмодернизм. Словарь терминов. – Москва: ИНИОН РАН – INTRADA. – 2001. – 1-12 с.
 Грицанов А.А., Можайко М.А. Постмодернизм: Энциклопедия. – Минск: Интерпрессервис; Книжный дом. – 2001. – 767 с.
 Әмірбекова А. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М.Мақатаев поэзиясы бойынша) – Алматы : 2006. – 124 б.
 Гиздатов Г. Когнитивные модели в речевой деятельности – Алматы : Ғылым, 1997. – 18-21 с.
 Виноградов В. В. Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика – М.: Изд-во АН СССР, 1963 – 26-33 с.
<https://adebiportal.kz/kz/authors/view/2276>
 Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана – Алматы : Ғылым, 1998. – 140 б.
 Қасым Б. Метафоралы аталымдар: когнитивті-семантикалық сөзжасам. – Алматы: Баянжүрек, 2005. – 300 б.
 Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 353 б.
 Оразбек М. Ақындық тұлға табиғаты. Астана:– Фолиант, 2002.- 152 б.

References

- Amirbekova A. (2006) Konseptilik qurylymdardyń poetikalıqymátindegı verbaldanı erekshelegı (M. Maqataev poeziyası boyınsha) [Specificity of verbalization of conceptual constructions in poetic texts (based on the poetry of M. Makatayev)] Almaty, 2006. 124 b. (In Kazakh)

- Gızdatov G. (1997) Kognitivnyemodeli v rechevoideiatelnosti [Cognitive models in speech activity] Almaty: Gylym, 1997. 18-21 s. (In Russian)
- Grisanov A.A., Mojaiko M.A. (2001) Postmodernizm: Ensiklopedia [Postmodernism. Encyclopedia]. Minsk: Interpresservis; Kniznyi dom. 2001. 767 s. (In Russian)
<https://adebiportal.kz/kz/authors/view/2276>
- Il'in I.P. (2002) Postmodernizm ot istokov do koncastoletiya: ehvoluciyanauchnogomifa [Postmodernism from the beginnings to the end of the century: the evolution of the scientific myth]. M.: Intrada, p. 158. (in Russian)
- Il'in I.P. (2001) Postmodernizm. Slovar' terminov [Postmodernism. Glossary of terms]. Moskva: INION RAN – INTRADA. 2001. p. 1-12. (in Russian)
- Jamanbaeva Q. (1998) Tilqoldanysynyń kognitivtik negizderi: emosia, simvol, tildiksana [Cognitive foundations of the use of language: emotion, symbol, language concept] Almaty: Gylym, 1998. 140 b. (In Kazakh)
- Kratki slovar' kognitivnyh terminov (1996) [A brief dictionary of cognitive terms]. M., 1996. 452 s. (in Russian)
- Mankeeva J.A. (2008) Qazaq tilindegi etnomádeniataýlardyń tanymdyq negizderi [Cognitive bases of ethno-cultural names in the Kazakh language]. Almaty: Jibekjoly, 2008. 353 b. (In Kazakh)
- Nurdáyletova B.I. (2011) Kognitivtik lingvistiká: oqýlyq [Cognitive linguistics: textbook]. Almaty: Dáýir, 2011. 312 b. (In Kazakh)
- Orazalheva E.N. (2007) Kognitivtik lingvistiká: qalyptasýy men damýy: gylym monografiya. [Cognitive linguistics: formation and development] Almaty: An Arys, 2007. 312 b. (In Kazakh)
- Orazbek M. (2002) Aqyndyqtulǵatabıǵaty [The nature of the poetic personality]. Astana: Foliant, 2002. 152 b. (In Kazakh)
- Qasym B. (2005) Metaforalyatalymdar: kognitivti-semantikalıyqsózjasam [metaphorical nomenclature: cognitive-semantic word formation]. Almaty: Baianjúrek, 2005. 300 b. (In Kazakh)
- Vinogradov V.V. (1963) Stilistika. Teoriapoeticheskorechi. Poetika [Theory of poetic speech. Poetics] M.: Izd-vo AN SSSR, 1963. 26-33 s. (in Russian)
- Zadornova V.Ia. (1992) Slovesno-hýdojestvennoe proizvedenie na raznyh ıazykah kak predmet lingvopoeticheskogo issledovaniya. [Verbal and artistic work in different languages as a subject of linguistic and poetic research]: dis. dokt. filol. naýk. M., 1992. 224-226 s. (in Russian)